

Тақырып: *Тұрғындардың табиғи қозғалысының анализі. Адам өлімінің медициналық критерийлері: моральді мәселелері мен перспективалары.*

Орындаған: Маулетова Сымбат
Топ: 239 ЖМФ
Тексерген: Мамырбаева. А.К

Жоспар:

1.Кіріспе бөлім.

2.Негізгі бөлім.

✓ *Тұрғындардың табиғи қозғалысы жайлы түсінік.*

✓ *Халықтың табиғи қозғалысының анализі*

✓ *Адам өлімінің медициналық критерийлері*

□ *Моральді мәселелері*

□ *Медициналық перспективалары*

3.Қорытынды бөлім

4.Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе бөлім

Халықтың табиғи қозғалысын демография зерттейді. Сондықтан оның көрсеткіштерін демографиялық керсеткіштер деп атайды. Олардың негізгілері - туу (туғандар саны), өлу (өлгендер саны), туғандар мен өлгендер санының айырмасы табиғи өсімді керсетеді. Егер де өлім туудан артық болса, халықтың табиғи азаюы (депопуляция) пайда болады. Демографиялық, көрсеткіштерді абсолюттік цифрлармен (жүз, мың немесе миллион адам) беруге болады, бірақ көбінесе оларды 1000 тұрғынға шаққандағы есеппен промиль арқылы (%о белгісімен) көрсетеді



Негізгі бөлім

- Демографиялық көрсеткіш бойынша табиғи қозғалысты 2 типке бөледі: байырғы және қазіргі. Байырғы табиғи өсім 12%-ден артық болатын, ал қазіргі өсім бойынша 12 %-ден төмен. Халық қозғапысынын бір типтен екінші типке



dreamstime.com

ЯЛЫҚ



Халық саны және динамикалық өсуі

Қазақстан халқы 2009 жылғы санақ бойынша 16 млн 403 мың адамға жетті. Халық санының аз болуы - бұл әлсіз ішкі нарық, яғни сыртқы нарыққа тәуелділік, сондай-ақ жұмыс қолының жетіспеуі, соған байланысты қажетті аймақтардың игерілмеуі, сонымен бірге елдің қорғаныс қабілетінің әлсіреуі. Сондықтан да халық санын көбейту - қоғамның, негізгі мәселелерінің бірі. Қазақстан халқының саны бойынша орташа мемлекеттер қатарына жатады. Халық саны жөніндегі толық мәліметтерді халық санағы береді. Мемлекет оны белгілі бір уақыт аралығында жүргізіп отырады (біздің елімізде 10 жыл сайын). Әр санақ аралықтарында қорытынды есеп беріліп отырады




Елдің, аймақтың, елді мекеннің халқының саны екі түрлі себептерге (факторға) байланысты. Бірінші фактор - туу мен өлудін, нәтижесінде ұрпақ, ауысуы немесе халықтың табиғи өсімі, ал екіншісі - адамдардың бір жерден екінші жерге қоныс аударуы (келу мен кету), оны халықтың механикалық қозғалысы (көші-қон) деп атайды. Туу мен көшіп келу тұрғындар санын көбейтсе, өлу мен көшіп кету, керісінше азайтады.



2016 жылғы 1 шілдеге Семей халқының саны, есептік деректер бойынша 1360,8 мың адамды құрады, бұл жыл басымен салыстырғанда 2,7 мың адамға артық. Қала халқы 1066,3 мың адамды, ауыл халқы – 294,5 мың адамды құрады.


Халықтың табиғи өсімі өткен жылғы қаңтар – шілде айларымен салыстырғанда 19,9%-ға артты және 4290 адамды, оның ішінде қалалық елді мекендерде 3067 адамды, ауылдық жерлерде 1223 адамды құрады.

2012 жылғы қаңтар - маусым бойы тұтас облыс бойынша 12210 туылғандар тіркелді, бұл 2011 жылғы қаңтар - маусыммен салыстырғанда 730 адамға немесе 6,4%-ға көп. Туылудың жалпы коэффициенті орта есеппен тұрғындардың 1000 адамына 17,10-нан 18,04 туылуға дейін артты




Өмір сүрудің орташа ұзақтығы

- *Өмір сүрудің орташа ұзақтығы* - әр түрлі жайттардың әсеріне байланысты адамдар денсаулығының жалпыланған жай-күйінің белгілі деңгейін көрсететін интегралды көрсеткіш.



Туу көрсеткіші календарлық жылда тірі туылғандардың санын бір жылдағы халықтың орташа санына бөліп, 1000 көбейту арқылы есептейді.



БДҰ анықтамасы бойынша ***тірі туылған*** деп жүктілік ұзақтылығының мерзіміне байланыссыз ана ағзасынан ұрықтандыру өнімінің толық шығарылуы немесе алынуын айтады. Осындай жолмен бөлініп алынған ұрық бұдан соң тыныс алады немесе жүрек соғуы, кіндік пульсациясы немесе ерікті бұлшықет қимылы тәрізді тіршілік Туу көрсеткішін терең сипаттау үшін арнайы көрсеткіштер қолданылады. Әйелдердің бала туу көрсеткіші бір жылдағы тірі туылғандар санын бала тууға қабілетті жастағы (15-49 жас) әйелдер санына бөліп, 1000 көбейту арқылы анықтайды. Жасқа сай бала туу көрсеткіштері басқа жас тобындағы әйелдер үшін де есептеледі. Сонымен қатар некеде тұрған әйелдерге қатысты некелі әйелдердің бала туу көрсеткіші және некеден тыс туу көрсеткіштері есептеледі.

Өлі туылған деп жүктілік мерзіміне байланыссыз ана ағзасынан ұрықтандыру өнімінің толық шығарылуға немесе алынуға дейінгі өлімін есептейді.

Өлім көрсеткішін бір жылдағы өлгендер санын халықтың орташа жылдық санына бөліп, 1000 көбейту арқылы есептейді. Өлім көрсеткішін талдағанда, жалпы көрсеткіштермен бірге арнайы көрсеткіштер де есептеледі, мысалы жасына, жынысына, кәсібіне және т.б. байланысты өлім көрсеткішін есептеген кезде белгілі бір жастағы (немесе жынысы, кәсібі) өлгендер санын сол жастағы (немесе жыныс, кәсіп) халықтың орташа жылдық санына бөліп, 1000 көбейту арқылы есептейді. Қазіргі кезде экономикалық дамыған елдердегі халық өлімі себептерінің құрылымында қан айналым жүйесі аурулары, қатерлі ісіктер, жарақаттар басым..

Сәбилер өлімі халықтың әлеуметтік салауаттылығын, медициналық-әлеуметтік көмектің деңгейі мен сапасын, акушерлік-гинекологиялық және педиатриялық көмектің тиімділігін бағалайтын оперативті критерий және индикатор болып саналады. Сәбилер өлім көрсеткіші осы календарлық жылдағы 1 жасқа толмай өлгендер санын осы жылдағы тірі туылғандар санына бөліп, 1000 көбейту арқылы есептейді.



Назарларыңызға
рахмет